

Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 2009 жылғы 25 желтоқсандағы N 21/5-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Риддер қалалық әділет басқармасында 2010 жылғы 27 қаңтарда № 5-4-125 тіркелді. Күші жойылды - Риддер қалалық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы N 11/8-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Риддер қалалық мәслихатының 2012.12.21 N 11/8-V (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 18 бабы, 5 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Риддер қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға 8640 (сегіз мың алты жүз қырық) теңге мөлшерінде әлеуметтік көмек белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Риддер қалалық мәслихатының 2012.03.14 № 2/6-IV (жарияланғаннан кейін он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Денсаулық сақтау мамандарына әлеуметтік көмек Шығыс Қазақстан облыстық мәслихат шешімімен бекітілген көлемде төленеді.

3. «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға «Казпошта» АҚ және «Халық банкі» АҚ бөлімшелері арқылы жылына бір рет 8640 (сегіз мың алты жүз қырық) теңге мөлшерінде келесі құжаттарды тапсырған жағдайда әлеуметтік көмек

ж ү р г і з с і н :

- 1) ж а з б а ш а ө т і н і ш ;
- 2) жеке куәлігінің көшірмесі;
- 3) салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі;
- 4) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі;
- 5) жұмыс орнынан анықтама.

Құжаттар (анықтамадан басқасы) «Риддер қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне салыстыру үшін түпнұсқа және көшірме түрінде ұсынылады, кейін түпнұсқалар өтініш иесіне қ а й т а р ы л а д ы .

Ескерту. 3-тармаққа өзгерістер енгізілді - Риддер қалалық мәслихатының 2010.12.29 № 29/9-IV (жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі); 2012.03.14 № 2/6-IV (жарияланғаннан кейін он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кезекті сессия төрағасы

В. Титов

Қалалық мәслихат хатшысы

А. Ермаков